

**3 сынып Қазақ тілі II тоқсан «Сәулет» ортақ тақырыбы бойынша
жиынтық бағалау БЖБ №2**

Күні _____ **Білім алушы:**.....

Оқу мақсаты: 3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру

3.4.2.7 сөйлемнің тұрлаулы (бастауыш, баяндауыш) және тұрлаусыз мүшелерін ажырату

Бағалау критерийі *Білім алушы*

Мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіреді, жазады, мәтінге ат қояды

Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін талдайды, анықтайды

Тұрлаулы мүшелер (бастауыш, баяндауыш) тиістісінше сәйкестендіреді

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану. Білу және түсіну

Орындау уақыты: 20 минут **Балл саны:** 8

I нұсқа

1 – тапсырма. Мәтінді түсініп оқы. Тапсырмаларды орында. (3)

Биік таудың беткейінде үлкен емен ағашы өсіп тұратын. Бірде өтіп бара жатқан жел еменді құлатпақ болып, бар күшімен үрлей бастады. Ол қанша күшенсе де, емен былқ етпеді. Керісінше, жапырақтарын қимылдатып, желді мазақ қылғандай болды.

Ызаланған жел найзағай мен жаңбырды көмекке шақырды. Аспанды қап-қара бұлт басып, күн күркіреді. Найзағай ойнап, жаңбыр жауды. Емен одан сайын құлпыра түсті. Еменді құлата алмайтынын түсінген жел оның сырын сұрады.

- Мен туған жерімде өсемін, тамырларыммен туған топырағыма мықтап бекінгенмін. Менің күшті болуымның сыры осында, - деді емен.

Мәтіннің кейіпкерлерін жаз. _____

Мәтінге ат қой. _____

Мәтіннің негізгі ойын білдіріп тұрған сөйлемді тауып, көшіріп жаз.

2 – тапсырма

Сөйлемді оқы. Тұрлаулы мүшелері (бастауыш пен баяндауыш) сұрақ қою арқылы анықта, астын сыз (3)

Балалар доппен ойнады. Тоқылдақ орманда болады. Сиыр өрістен келді.

3-тапсырма. Тұрлаулы мүшелерді тиістісінше сәйкестендір. (2)

Асқар		жүзді
Кеме		ұшты
Өзен		оқыды
Құстар		тасыды

Бағалау критеріі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіннің мазмұны бойынша пікір білдіреді, жазады, мәтінге ат қояды	1	<i>Мәтәннің кейіпкерлерін анықтайды</i>	1
		Мәтінге ат қояды	1
		Өз пікірін мәтіндегі негізгі ойды жазады	1
Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерін талдайды, анықтайды	2	Тұрлаулы мүшелерді анықтайды	1
		Тұрлаулы мүшелерге сұрақ қояды	1
		Тұрлаулы мүшелердің астын сызады	1
Тұрлаулы мүшелер (бастауыш, баяндауыш) тиістісінше сәйкестендіреді	3	1-2 тұрлаулы мүшелерді сәйкестендіреді	1
		Барлық тұрлаулы мүшелерді дұрыс сәйкестендіреді	1
Барлығы			8

**«Сәулет» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға ақпарат
ұсынуға арналған рубрика**

Білім алушының аты-жөні _____

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
		Төмен	Орта	Жоғары
Ұқсас тақырыпта берілген мәтіндерді салыстыра сипаттайды	1	Ұқсас тақырыпта берілген мәтіндерді салыстыруда, мәтіннің стилін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Мәтіннің стилін анықтауда/мәтіндердің ұқсастығын табуда қателеседі. <input type="checkbox"/>	Мәтіндерді салыстыра отырып, ұқсастығын атайды және мәтіннің стилін анықтайды. <input type="checkbox"/>
Негізгі түбірден туынды сөз жасайды	2	Түбір сөздерге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөздер жасауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Түбір сөздерге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөздер жасауда қателіктер жібереді. <input type="checkbox"/>	Түбір сөздерге жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөздер жасайды <input type="checkbox"/>
Сөйлем мүшелерін ажыратады	3	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін анықтауда қиналады. <input type="checkbox"/>	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін анықтауда қателеседі: бастауыш/баяндауыш <input type="checkbox"/>	Сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>



